

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН БАҒАЛАУ

**Қожахметова Айнұр Талғатқызы**

[ainur.0192@mail.ru](mailto:ainur.0192@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының  
1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А.Алдабердіқызы

Қазіргі таңда білім беру орындарында шет тілінде ауызша тілдік қарым-қатынас дағдылары мен іскерліктердің қалыптасу үрдісі барысында тиісті бағалау жүйесін әзірлеу туралы мәселе туындайды.

Келесі ойлар негізінде сөйлеу дағдыларын бағалауға ерекше көңіл бөлінеді: біріншіден, коммуникативтік дағдылар шет тілін оқытудың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады; екіншіден, оқыту тәжірибесінде тілдік дағдыларды бағалау мәселесі қалыптасып келеді. Оқытушылардың басым көпшілігінде мұндай бақылауда біршама тәжірибе жинақталған. Алайда, ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын бағалау, әсіресе барлық оқу кезеңін қорытынды бағалау бұл қазіргі заманғы білім беру жүйесінің шешімін қажет ететін белгілі бір дәрежеде жаңа мәселе.

Сол себепті, қазіргі қоғам дамуының кезеңінде шет тілдерінде сөйлеу дағдыларының қалыптасуын бағалау мәселелерін зерттеу өзекті болып табылады. Бұл міндеттің күрделілігі, негізінен бағалау жүйесінің объективті болуын талап етеді.

И. Н. Гулидов, Е. И. Пассов, Г. В. Рогова, В. А. Слостенин, зерттеу жұмыстарының негізінде келесідей бағалау әдістерін атап өтуге болады: ауызша, жазбаша, аралас, компьютерлік және тәжірибелік [1-4].

Оқу үрдісін басқару оның тиімділігіне сипаттама беретін кері байланыссыз мүмкін емес екені айқын. Білім алушылардың коммуникативтік құзіреттілігін оңтайлы әдістер арқылы бағалау, білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті мен оқытушының педагогикалық іс-әрекетінің тиімділігін айқындайды.

Ауызша бағалау жеке, фронтальды, топтық, формаларда жүзеге асырылады. Ауызша бағалаудың жекелеген формасында оқушыға жалпы сұраққа жауап беру ұсынылады. Ауызша бағалауда оқушыдан толық жауап алынбаса, кейбір жайттарды нақтылау керек болса, оқушының білімінің тереңдігін тексеру қажет етілсе, сондай-ақ оқытушы баға қоярда біршама күмән білдірсе қосымша сұрақтар қойылады.

Ауызша фронтальды бағалау көлемі шағын материал бойынша өзара логикалық байланысты сұрақтар тізбегін құруды талап етеді. Фронтальды сұрау барысында оқытушы оқушылардан қысқа жауап күтеді. Әдетте, фронтальды бағалау аз уақыт көлемінде өтілген оқу материалын қайталау және бекіту мақсатында қолданылады. Жеке бағалаумен салыстырғанда фронтальды бағалаудың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Фронтальды бағалаудың артықшылығы – топтың жұмысын белсендіреді, барлық оқушылардан жауап алуға мүмкіндік береді, уақытты үнемдейді. Фронтальды бағалау кезінде оқушылар басқа оқушылардың жауабын толықтыруға, түзетуге, нақтылауға мүмкіндік беріледі. Фронтальды бағалаудың кемшіл тұстарына: білім деңгейі тексерілмейді, оқушылардың кездейсоқ сәтті жауаптары негізге алынады.

Ауызша топтық бағалау топтың бір бөлігі үшін жүзеге асырылады. Оқушылардың

белгілі бір тобына шығармашылық сипаттағы тапсырма ұсынылады. Топтың қалған мүшелерінің міндеті күрделене түседі: оқушылар ұсынылған материалды түсініп, жолдастарын бағалауы керек. Формасы бойынша рөлдік ойын, викторина, проблемалық мәселе бойынша пікірталас болуы мүмкін. Ауызша топтық бағалау пікірталас элементтерін, командалар мен шаңын топтардың сайыстарын қамтиды. Сонымен қатар, оқушыларға өзіндік шығармашылық әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін, оқуға деген ынтасын арттыратын тапсырмалар жиынтығы ұсынылады.

Отандық және шет елдік тестілеу жүйесін талдау негізінде тестілеу әдістемесі сөйлеу әрекетінің рецептивті түрлерін бағалауға бағытталғандығын көрсетеді [5]. Мұндай технология ағылшын тілінде ауызша сөйлеу дағдыларын меңгеру деңгейін бағалауда біршама тиімсіз. Дәстүрлі тест тапсырмалары ауызша қарым-қатынас моделін жасауға мүмкіндік бермегендіктен, тест тапсырушыны әдетте ұсынылған дұрыс жауаптардың ішінен бір дұрыс шешімін таңдау шеңберімен шектейді. Осылайша, дәстүрлі тест әдістемесі сөйлесім дағдыларын меңгеру деңгейін бағалау қызметін іске асыру үшін жеке тұлғаға бағытталған тәсіл мақсаттарына сәйкес келмейді. Отандық және шет елдік мамандар ауызша сөйлеуді бағалау үшін тесттерді пайдаланудың маңыздылығын атап көрсететіндігіне қарамастан, тест тапсырмаларын педагогикалық үрдісте пайдалану мәселесі әлі де болса жетік ойластырылмаған. Заманауи оқулықтарда ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуға көп көңіл бөлінгендігіне қарамастан, оқытушылардың басым бөлігі ауызша тестілеу әдісін пайдаланбауға тырысады. Оқытушылар кездесетін басты мәселе – бұл нені тестілеу керек, және ауызша сөйлеуді қалай бағалау керек [6].

Нені тестілеу керек? Оқытушылар үйретілген сабаққа баға беруі керек. Шын мәнінде, оқытушылардың басым көпшілігі жаттығулармен жұмыс жасау барысында, неліктен оқулық авторы белгілі бір тапсырмаларды енгізгенін және не себепті осы ретпен ұйымдастырылғанын біле бермейді.

Қалай бағалау керек? Сөйлесім дағдыларын бағалау басқа дағдыларға қарағанда әлдеқайда қиын, себебі бағалау критериилерін анықтау қиынға соғады. Әдетте, оқытушылардың басым бөлігі тек грамматиканы бағалаумен шектеледі. Алайда, оқытудағы коммуникативтік тәсілді ұстанатын шет тілін оқыту саласындағы мамандар негізгі ойды жеткізе білу маңызды деп санайды.

Ауызша тапсырмаларға келесідей бағалау критериилері көрсетілген:

- 1) коммуникативтілік міндеттердің орындалуы. Бағалауда келесі жағдайлар ескеріледі:
    - коммуникативті тапсырмада ұсынылған қарым-қатынас жағдаятына сәйкес мазмұнын толық, әрі нақты өз бетінше аша алу;
    - сөйлемдердің байланыстылығымен қисындылығы;
    - өзіндік көз қарасын, пікірін дәлелдей білу;
    - қарым-қатынас жағдаятына сәйкес әлеуметтік-мәдени білімді қолдана білу;
    - сұхбаттасушының сұрақтарын түсіне білу;
    - қойылған сұрақты түсінбеген жағдайда қайта сұрай білу;
    - сұхбаттасушының сұрақтарына толық, әрі нақты жауап қайтара білу.
  - 2) Сөйлеудің лексика-грамматикалық жағы. Бағалауда келесі жағдайлар ескеріледі:
    - коммуникативтік міндетке лексикалық бірліктердің және грамматикалық құрылымдардың сәйкестігі;
    - лексикалық сөз тіркестерін және грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану;
    - қолданылатын лексикалық және грамматикалық құралдардың әртүрлілігі;
    - қолданалатын грамматикалық құрылымдардың күрделілігі.
  - 3) Сөйлеудің айтылу жағы. Бағалауда келесі жағдайлар ескеріледі:
    - шет тіліндегі айтылым нормаларын ескеру;
    - екпін мен сөйлеуде интонация нормаларын сақтау [7, 27-28].
- Кесте 1.1. Сөйлеу дағдысын бағалау критериилері. Монологтық тілдесім  
Кесте 1.1. Сөйлеу дағдысын бағалау критериилері. Диалогтік тілдесім  
Кесте 1.1. Сөйлеу дағдысын бағалау критериилері. Монологтық тілдесім.

<b>Коммуникативтік міндеттің орындалуы</b>	<b>Сөйлеудің лексика-грамматикалық жағы</b>	<b>Сөйлеудің айтылу жағы</b>	<b>Баға</b>
Тапсырма толық орындалған; қарым-қатынас мақсатына қол жеткізілді; тақырып толық ашылған.	Қолданылатын лексикалық және грамматикалық материал қойылған коммуникативтік міндетке сәйкес келеді; сөздік қор және грамматикалық құрылымдардың меңгерілуі көрсетіледі; әр түрлі сөйлемдердің түрлері қолданылады.	Сөйлеу түсінікті: дыбыстар фонематикалық қатесіз дұрыс айтылады.	5 (өте жақсы)
Тапсырма орындалған: қарым-қатынас мақсатына қол жеткізілді, бірақ тақырып толық көлемде ашылмаған.	Қолданылатын лексикалық және грамматикалық материал қойылған коммуникативтік міндетке сәйкес келеді; лексикалық – грамматикалық қателіктер іс-жүзінде жоқ (түсінілуі жеңіл 2 тілдік қате жіберіледі).	Сөйлеу түсінікті: барлық дыбыстар дұрыс айтылады; сөйлемнің мағынасын өзгертпейтін 1 фонематикалық қате жіберіледі.	4 (жақсы)
Тапсырма ішінара орындалған: қарым-қатынас мақсатына толық қол жеткізілмеген; тақырып шектеулі көлемде ашылған.	Сөздердің таңдалуындағы кейбір қиындықтар және олардың қолдануындағы дәлсіздіктер байқалады; қарапайым грамматикалық құрылымдар қолданылады; лексикалық және грамматикалық қателерге жол беріледі, 3 тілдік қатеден аспауы тиіс.	Сөйлеу түсінікті: дыбыстар дұрыс айтылады, сөйлемнің мағынасын өзгертпейтін 2 фонематикалық қате жіберіледі.	3 (қанағат.)

Тапсырма орындалмаған; қарым-қатынас мақсатына қол жеткізілмеген.	Сөздік қор жеткіліксіз, грамматикалық құрылымдардың дұрыс қолданылмауы, көптеген тілдік қателіктер қойылған коммуникативтік міндеттің орындалуына мүмкіндік бермейді.	Көптеген дыбыстардың дұрыс айтылмауынан және фонематикалық қателерге байланысты сөйлеу әрекетін есту қиынға соғады.	2 (қанағаттанғысыз)
---	---	---	------------------------

Кесте 1.1. Сөйлеу дағдысын бағалау критерийлері. Диалогтік тілдесім

Коммуникативтік міндеттің орындалуы	Сұхбаттасушымен қарым-қатынас	Сөйлеудің лексика-грамматикалық жағы	Сөйлеудің айтылу жағы	Баға
Тапсырма толық орындалған; қарым-қатынас мақсатына қол жеткізілді; тақырып толық ашылған.	Сұхбаттасушымен тілдесуде жақсы деңгейдегі ауызша қарым-қатынас дағдысын көрсетеді: әңгімені бастау және аяқтау; репликалармен алмасуда кезектілікті, сыпайылық нормаларын сақтай біледі;	Қолданылатын лексикалық және грамматикалық материал қойылған коммуникативтік міндетке сәйкес келеді; жеткілікті сөздік қорын көрсетеді.	Сөйлеу түсінікті: дыбыстар фонематикалық қатесіз дұрыс айтылады.	5 (өте жақсы)
Тапсырма орындалған: қарым-қатынас мақсатына қол жеткізілді; тақырып толық көлемде ашылмаған	Сұхбаттасушымен тілдесуде ауызша қарым-қатынас дағдысын көрсетеді: әңгімені бастап, аяқтай біледі, бірақ сұхбаттасушыны түсінуде қиналады; әрдайым сыпайылық нормаларын сақтай бермейді.	Қолданылатын лексикалық және грамматикалық материал қойылған коммуникативтік міндетке сәйкес келеді; лексикалық және грамматикалық қателер іс жүзінде жоқ.	Сөйлеу түсінікті: барлық дыбыстар дұрыс айтылады; айтылымның мағынасын өзгертпейтін фонематикалық қате жіберіледі.	4 (жақсы)
Тапсырма ішінара орындалған: қарым-қатынас мақсатына толық қол	Сұхбаттасушымен тілдесуде ауызша қарым-қатынас дағдысының қалыптаспағандығын	Жеткілікті сөздік қор көрсетіледі. Сөздерді таңдауда,	Сөйлеу түсінікті: сөйлеу ағымындағы барлық дыбыстар дұрыс	3 (қанағат.)

жеткізілмеген; тақырып шектеулі көлемде ашылған.	көрсетеді: әңгімені бастап, аяқтауға талпыныс білдірмейді; сұхбаттасушының тарапынан қолдау күтеді.	қолдануда қиындықтар туындайды; түсінілуі жеңіл 3 тілдік қате жіберіледі.	айтылады; дұрыс интонация сақталады.	
Тапсырма орындалмаған; қарым-қатынас мақсатына қол жеткізілмеген; тақырып ашылмаған.	Тілдесімді жалғастыра алмайды.	Сөздік қор жеткіліксіз, грамматикалы қ құрылымдард ың дұрыс қолданылмау ы; көптеген тілдік қателіктер байқалады.	Көптеген дыбыстардың дұрыс айтылмауынан және фонематикалық қателерге байланысты сөйлеу әрекетін естіледі.	2 (қана ғат- танғы сыз)

Қорытындылай келе, қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың дайындығының жеке ерекшеліктеріне жедел ден қою арқылы бағалаудың тиімділігін дамыту және жетілдіру қажет екендігін атап өткеніміз жөн. Білімді меңгеру үрдісін тиімді басқару және ауызша сөйлеу дағдыларын меңгеру деңгейін сапалы бағалау үшін объективті көрсеткіштер негізінде тәуелсіз бағалау жүйесі қажет.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Гулидов И.Н. Педагогический контроль и его обеспечение: учеб. пособие / И. Н. Гулидов. – М., 2005.- 240 с.
2. Пассов Е. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению : пособие для учителей иностр. яз. / Е. И. Пассов. – М., 1985. – 208 с.
3. Рогова Г. В. Методика обучения иностранным языкам в средней школе / Г. В. Рогова. - М., 1991. – 287
4. Слостенин В. А. Педагогика / В. А. Слостенин. – М., 2000. – 488 с.
5. Кувшинов В.И. Тестовый контроль в процессе обучения иностранному языку // ИЯШ. – 1992. – №2.
6. Brown G., Bull J., Pendlebury M. Assessing student learning in higher education. – London and New York, 1997.
7. Вербицкая М.В., Махмурян К.С., Трубанева Н.Н. Методическое пособие по организации проведения экзамена по иностранному (английскому) языку в части раздела «Говорение» государственной итоговой аттестации обучающихся, освоивших общеобразовательные программы основного общего образования в 2012 году. – Федеральный институт педагогических измерений, 2012.